

№1 педагогикалық кеңестің  
шешімінде қабылданды

29.08.2025  
(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН

№8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

МКҚК, меңгерушісі

Ж.Саутбекова  
«29» 08 2025ж.



**ОРТАҒЫ «БОТА» ТОБЫНЫҢ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ДАМУШЫ ОРТА БОЙЫНША  
МАТЕРИАЛДАР ТІЗІМІ**

Тәрбиешілер: Тарыбай Б. Есімбаева А.

## 1. Физикалық қасиеттерді дамыту.

- **Ортаның мақсаты:**

Топ ішіндегі бұл бұрыш балалардың өздігінен қозғалуына, ептілік пен күшті дамытуына септігін тигізеді.

- **Құрал -жабдықтар:**

Доптар (ірі, ұсақ, массаждық), секіргіштер, құрсаулар , кеглилер, серпінді таспалар, лақтыруға арналған қапшықтар (күм салынған).

- **Дамитын қасиеттер:**

Қимыл -қозғалыс координациясы, көзбен мөлшерлеу, қол мен иық бұлшықеттерінің күші.



## 2.Әлеуметтік -эмоционалды дағдыларды қалыптастыру .

### Табиғат бұрышы

#### Ортаның мақсаты:

Балаларды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке және тірі табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді.

#### Бөлме өсімдіктері:

Балалардың жас ерекшелігіне сай, күтімі оңай әрі қауіпсіз гүлдер.

#### Күтім құралдары:

Суарғыштар, топырақ қопсытқыш таяқшалар, жапырақ сүртетін дымқыл шүберектер мен бүріккіштер.

#### Кезекшілік:

Балалар өсімдіктерге су құю, оларды баптау арқылы қарапайым еңбек дағдыларын меңгереді.



### 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Сенсорика және математика бұрышы

#### **Ортаның мақсаты:**

Балалар заттарды санау, көлемі, түсі, пішіні бойыншасалыстыру дағдыларын дамытуға арналған.

#### **Сақиналы пирамидалар:**

Заттарды көлемі бойынша іріктеуді үйретуге және 5–10-ға дейін санау дағдысын дамытуға арналған пирамида.

#### **Дидактикалық ойындар:**

«Пішіндерді орнына қой»,

«Түсі бойынша жина»,

«Көлеміне қарай орналастыр».

Геометриялық пішіндер мен денелер (текше, шар, цилиндр).

Санау материалдары (таяқшалар, түсті моншақтар, түймелер).

Логикалық тапсырмалармен мен қарапайым лабиринттер .



#### 4. Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Кітап бұрышы

##### **Ортаның мақсаты:**

Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, сондай -ақ көркем әдебиет пен кітапқа деген қызығушылығын тәрбиелеу болып табылады.

##### **Сөйлеу белсенділігі:**

Сөздік қорды байыту, байланыстырып сөйлеу және өз ойын жүйелі жеткізу.

##### **Көркем әдебиетке баулу:**

Кітапқа, ертегілер мен өлеңдерге деген қызығушылықты арттыру, кітапты ұқыпты ұстау мәдениеті.

##### **Аудиалды дағдылар:**

Тыңдау аймағында аудиоертегілер мен әңгімелерді зейін қойып тыңдауды үйрену.



## 5. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

### Шығармашылық бұрышы

#### Ортаның мақсаты:

Бұл баланың сурет салу, мүсіндеу және аппликация жасау дағдыларын дамытатын басты аймақ.

#### Дәстүрлі материалдар:

Бояулар (гуашь, акварель), қылқаламдар, түрлі -түсті қарындаштар , фломастерлер, ермексаз, түрлі -түсті қағаздар мен картон, қайшылар (ұшы дөңгеленген, қауіпсіз).

#### Дәстүрден тыс материалдар:

Губкалар , мақта таяқшалары, жіптер бүріккіштер.

